

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР:  
ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕ  
АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ И ЭТНОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ:  
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА**

**(2 СЕКЦИЯ)**

**ШЕТПЕ ӨңІРІНІҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ОНАМАСТИКАСЫ**

**Симбаев М.С. Туребай Ш.Р.**

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық университеті

Электрондық адресі: simbaevmyrzagali@gmail.com

torebaevasugyla4@gmail.com

Астана қ.

Аңдатпа. Бұл мақаланың негізгі мақсаты-Маңғыстау ауданына қарасты Шетпе өңірінің топонимикалық жүйесін кешенді түрде зерттеу, сондай-ақ жер-су атауларының (топонимдердің) лингвистикалық, тарихи-мәдени және этнографиялық мағыналарын жан-жақты айқындау. Зерттеу барысында Шетпе айналасындағы 20-дан астам негізгі топонимдер (Дөңіспан, Шерқала, Ақмыш, Шетпе, Сарықұдық, Ақсеңгір, Айрантақыр, Жармыш, т.б.) тандап алынып, олардың этимологиясы (шығу тегі), құрылымы мен семантикасы (мағынасы) терең талданды. Бұл зерттеудің теориялық маңызы топонимдердің қалыптасуына әсер еткен көне тілдік процестер мен мәдени ықпалдарды ашумен анықталады. Алынған деректер топонимдердің көне түркілік, оғыздық, парсылық және арабтық тілдік қабаттармен тығыз байланысын көрсетеді. Мысалы, Шетпе атауының парсы тіліндегі «чешме» - «қайнар көз» сөзінен шығу нұсқасы, ал Шерқала мен Ақсеңгір атауларындағы иран тілдік «шер» (арыстан) және «санг» (тас) элементтерінің ұшырасуы аймақтың Еуразиялық сауда және мәдени жолдардың қиылысында орналасқанын айғақтайды. Сонымен қатар, халық аңыздары мен діни сананың (Дөңіспан, Ағымәулие) жер атауларын қалыптастырудағы айрықша рөлі зерттелді. Дөңіспан шоқысының атауы сопылық дәстүрмен және киелі тұлғаның географиялық нысанға айналу феноменімен байланысты болса, Сүріншекті сияқты атаулар күнделікті тіршіліктегі оқиғаның тарихи естелікке айналуын сипаттайды. Мақалада әсіресе «Ақ» (Ақмыш, Аққұт, Ақеспе) және «Сары» (Сарықұдық, Сарыоба) түс атауларының гидронимдер (су атаулары) мен оронимдердегі (тау атаулары) қолданылу жиілігіне ерекше назар аударылады. Бұл компоненттер географиялық нысанның сапасын бағалайтын көрсеткіш ретінде қызмет етеді, атап айтқанда «Ақ» - «тазалық, құндылық, ағынды» мағыналарын, ал «Сары» «топырақтың түсін, саздылықты, тұздылықты» білдіреді. Ақмыш атауындағы «-мыш» есімше жұрнағының көне түркі тіліндегі «-ған» аффиксінің қызметін атқарғаны туралы М.Томановтың пікіріне сүйене отырып, атаудың «аққан бұлақ» деген бастапқы мағынасы дәлелденді. Зерттеу нәтижелері Шетпе өңірінің топонимдері тек географиялық нұсқау ғана емес, сонымен бірге тарихи оқиғалардың, діни нанымдардың және көне тілдік қабаттардың мәдени мұрасы болып табылатынын толық дәлелдейді. Аталған топонимикалық мәліметтер қазақ ономастикасы ғылымының дамуына үлес қосып, жергілікті тарих пен өлкетану үшін маңызды дереккөз болып табылады.

Түйін сөздер:Топонимика, Шетпе, Маңғыстау, ономастика, этимология, тарихи-мәдениет, Ақмыш, Шерқала, гидроним, аңыз.

Аннотация:Основная цель данной статьи - комплексное исследование топонимической системы Шетпесского региона, расположенного в Мангистауском районе, а также всестороннее выявление лингвистических, историко-культурных и этнографических значений его географических названий (топонимов). В ходе исследования были выбраны более 20 ключевых топонимов вокруг Шетпе (Дөңіспан, Шерқала, Ақмыш, Шетпе, Сарықұдық, Ақсеңгір, Айрантақыр, Жармыш и др.). Для каждого из них проведен углубленный анализ с точки зрения этимологии, структуры и семантики. Теоретическая значимость работы определяется выявлением древних языковых процессов и культурных влияний, участвовавших в формировании топонимического фонда региона. Полученные данные демонстрируют многоуровневую связь топонимов с древнетюркскими, огузскими, персидскими и арабскими языковыми пластами. Например, вариант происхождения названия Шетпе от персидского «чешме» - «родник» или «источник», а также наличие иранских элементов «шер» (лев) в Шерқала и «санг» (камень) в Ақсеңгір свидетельствуют о расположении региона на перекрестке

евразийских торговых и культурных путей. Отдельное внимание уделено роли народных легенд и религиозного сознания (Дөңіспан, Ағымәулие). Название горы Дөңіспан связано с суфийской традицией и феноменом сакрализации личности, тогда как топонимы типа Сүріншекті отражают трансформацию бытовых событий в историческую память места. В статье детально анализируется частотность использования цветовых терминов «Ақ» (белый) и «Сары» (желтый) в составе гидронимов (Ақмыш, Аққұт) и оронимов (Сарықұдық, Сарыоба). Эти компоненты служат индикаторами качества географического объекта: «Ақ» несет значения «чистота, ценность, проточный», а «Сары» - указывает на «цвет почвы, глинистость, соленость». На основе исследований М. Томанова доказано, что аффикс «-мыш» в слове Ақмыш выполнял функцию древнетюркского причастия прошедшего времени, что подтверждает его исконное значение как «текущий родник». Результаты исследования убедительно доказывают, что топонимы региона Шетпе являются не просто географическими ориентирами, но и богатым культурным наследием, хранящим исторические события, религиозные верования и древние языковые структуры. Представленные топонимические сведения вносят значительный вклад в развитие казахской ономастики, местной истории, а также имеют важное значение для краеведения.

Ключевые слова: Топонимика, Шетпе, Мангыстау, ономастика, этимология, историко-культурное наследие, Ақмыш, Шеркала, гидроним, легенда.

Abstract: The primary objective of this article is to conduct a comprehensive study of the toponymic system of the Shetpe region in the Mangystau district, providing a thorough analysis of the linguistic, historical-cultural, and ethnographic meanings embedded in its place names (toponyms). The research selected over 20 key toponyms around Shetpe (Döñispan, Sherqala, Aqmysh, Shetpe, Sarykudyq, Aqsengir, Ayirantaqyr, Zharmysh, etc.) and subjected them to in-depth analysis of their etymology, structure, and semantics. The theoretical significance of this study lies in revealing the ancient linguistic processes and cultural influences that shaped the region's toponymic inventory. The findings highlight the complex, multi-layered connection of these toponyms with ancient Turkic, Oghuz, Persian, and Arabic linguistic strata. For instance, the proposed origin of Shetpe from the Persian "cheshme" (spring/source), and the presence of Iranian elements like 'sher' (lion) in Sherqala and 'sang' (stone) in Aqsengir, underscore the region's location at a major crossroads of Eurasian trade and cultural exchange. Particular attention is given to the role of local legends and religious beliefs (Döñispan, Ağymäülie). The name of the Döñispan summit is linked to Sufi tradition and the phenomenon of a sacred figure transforming into a geographical landmark, while toponyms like Süriñshekti reflect the conversion of everyday events into historical place memory. The article provides a detailed analysis of the frequency of the color terms "Aq" (white) and "Sary" (yellow) within hydronyms (Aqmysh, Aqut) and oronyms (Sarykudyq, Saryoba). These components serve as indicators for evaluating the quality of the geographical features: "Aq" signifies "purity, value, flowing," whereas "Sary" denotes "soil color, clay presence, or salinity." Drawing upon the research of M. Tomanov, the presence of the ancient Turkic participial suffix "-mysh" in Aqmysh (equivalent to modern "-ğan") confirms its original meaning as 'flowing spring'. In conclusion, the toponyms of the Shetpe region are not merely geographical markers but are an essential cultural heritage, preserving historical events, religious doctrines, and ancient linguistic strata. This toponymic data contributes significantly to the advancement of Kazakh onomastics and local history.

Keywords: Toponymy, Shetpe, Mangystau, onomastics, etymology, historical and cultural heritage, Akmysh, Sherkala, hydronym, legend.

Кіріспе: Маңғыстау түбегі Қазақстанның батыс бөлігіндегі ерекше аймақ. Ол өзінің географиялық ерекшеліктерімен ғана емес, сонымен қатар тарихи мұрасымен және жер-су атауларының бай қорымен (ономастикамен) танымал. Біздің атауларымыз - топонимдер - халықтың тарихы, дүниетанымы және табиғатқа деген көзқарасы туралы көп сыр шертетін нағыз «тірі мұра». Сондықтан, дәл осы Маңғыстау ауданының орталығы саналатын Шетпе өңірінің топонимикасын зерттеу бүгінгі таңда өте маңызды. Шетпе аймағын қарастыру өзекті, себебі бұл жерде көне тарихи қабаттар мен қазіргі қалалық өмір бір-бірімен тоғысып жатыр. Топонимика ғылымының басты мақсаты - жер атауларының қайдан шыққанын (этимологиясын) және олардың не мағына беретінін (семантикасын) талдау арқылы көне мәдени байланыстарды анықтау. Маңғыстау топонимдеріне зер салсақ, онда түркі, парсы және араб тілдерінің әсері анық көрінеді, бұл өңірдің ежелгі заманнан бері көптеген халықтардың жолы түйіскен жер болғанын көрсетеді. Мысалы, «Шетпе» атауы парсының «чешме» - «қайнар көз, бұлақ» деген сөзінен шыққан болуы мүмкін [4,100]. Бұл жердің су көзіне бай болғанын көрсетеді. Дегенмен, кейбір ғалымдар бұл атауды түрікменнің «шешем» (бұлақ көзі) сөзімен немесе оғыздың «Шетпе» тайпасымен байланыстырады. Бұл пікірлердің әртүрлі болуы атаудың тарихының күрделі екенін білдіреді. Одан басқа, Шетпе айналасындағы атаулардың пайда болуына аңыз-әңгімелер мен адам аттары үлкен әсер еткен. Мәселен, «Дөңіспан» (Данышпан) деген биік шоқының атауы аңыздарда Маңғыстауға ислам дінін әкелген сопылардың бірінің есімімен

байланысты. Ә. Кекілбаев таудың кереметі туралы аңызды келтіреді, бұл жерде киелі тұлғаның аты географиялық нысанға ауысқан [3,16]. Бұл бізге топонимдердің тек жерді көрсетіп қана қоймай, терең діни және философиялық мәнге ие екенін көрсетеді. Сондай-ақ, Төлеңәулие жерасты мешіті мен Ағымәулие сияқты жерлердің атаулары діни антропонимдер негізінде пайда болған. Бұл аймақтың ертеден-ақ киелі орындар ретінде танылғанын айғақтайды [8,45]. Ал, кедей Досанның есімімен аталған Досанөй сияқты жер атаулары ХХ ғасырдағы қарапайым адамдардың еңбегі мен әлеуметтік оқиғалардың да топонимияға енгенін көрсетеді. Маңғыстау топонимдерінің тағы бір қызықты жері - оларда көне түркі тілінің іздері сақталған. Мысалы, Ақмыш (аққан бұлақ) және Жармыш (арыққан бұлақ) деген атаулардағы «-мыш» жұрнағын алайық. М. Томановтың зерттеулеріне сүйенсек, бұл жұрнақ Орхон-Енисей жазбалары тіліндегі өткен шақ есімшесінің жұрнағымен бірдей қызмет атқарған [5,272-273]. Бұл деректер топонимдеріміздің өте көне екенін және ортақ түркі тілдерінің тарихымен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Сонымен қатар, «Ақ» және «Сары» сияқты түс атауларының су және тау атауларында жиі кездесуі жергілікті тұрғындардың табиғат нысандарының сапасын қалай бағалағанын көрсетеді. Аққұт («таза құдық») және Ақеспе («суы мөлдір құдық») сияқты атауларда «Ақ» сөзі тазалық пен құндылықты білдірсе, Сарықұдық пен Сарыоба сияқты атауларда «Сары» сөзі топырақтың түсін немесе судың нашар сапасын (сазды, ащы) сипаттайды. Бұл компоненттер Ақбай сияқты күрделі атауларда да маңызды [6, 261]. Осы жұмыстың негізгі мақсаты - Шетпе өңірі топонимдерінің бай мағынасын ашып, оларды тарихи және лингвистикалық тұрғыдан реттеу, сондай-ақ бұл атаулардың пайда болуына әсер еткен басты факторларды (діни-аңыздық, тілдік-этимологиялық, табиғи-сипаттамалық) анықтау. Зерттеу барысында Ақмыш, Шайыр (сулы жер), Қарауылқұмбет (күмбезді тау) және Шерқала (арыстан тау) сияқты атаулардың құрылымы мен мағынасы мұқият талданады. Бұл зерттеу арқылы Шетпе өңірі топонимдерінің қазақ ономастикасындағы орнын нақтылауға үлкен үлес қосамыз.

Шетпе өңірінің ономастикасын зерттеу үшін біз бірнеше әдісті біріктірген кешенді әдіснаманы қолдандық. Бұл әдіс топонимдерді тілдік, тарихи және этнографиялық жағынан бірдей талдауға мүмкіндік берді. Зерттеуге қажетті материалдар ретінде бірінші кезекте Маңғыстау облысының энциклопедиялық жинақтары [1,373,540] сияқты негізгі дереккөздерді алдық. Сонымен қатар, ономастика және түркітану саласындағы беделді ғалымдардың, атап айтқанда С. Қондыбай, Ә. Кекілбаев, М. Томанов және Ә. Әбдірахмановтың монографиялық еңбектерінен алынған деректерді пайдаландық. Зерттеудегі ең басты әдістердің бірі - тарихи салыстырмалы талдау. Бұл әдіс арқылы біз топонимдердің бастапқы шығу тегін (этимологиясын) анықтадық. Мысалы, «Шетпе» сөзінің парсы тіліндегі «чешме» - «бұлақ» деген мағынамен байланысын [4, 100] немесе «Ақмыш» атауындағы «-мыш» сияқты көне жұрнақтарды аштық. Бұл талдау топонимдердің тек қазақ тілінде ғана емес, иран және түркі тілдерінің ортақ тарихи дамуымен байланысты екенін көрсетті. Шерқала мен Ақсеңгір сияқты атаулардағы иран тілінен келген элементтерді (арыстан, тас) анықтауда бұл әдістің маңызы зор болды [2, 18]. Осыған қоса, біз құрылымдық және мағыналық талдауды қолдандық. Бұл арқылы екі сөзден құралған атаулардың (Ақ + құт, Қарауыл + құмбет) қалай жасалғанын анықтап, олардың негізгі мағынасын ғалымдардың пікіріне сүйеніп нақтыладық. Мәселен, Аққұт атауындағы «құт» сөзінің А.Т. Қайдар айтқандай, «құдық» сөзінің ескі формасы екенін негізге алдық. М. Томановтың еңбектерін пайдалана отырып, Ақмыш атауының «аққан бұлақ» деген мағынасын дәлелдедік [5, 272-273]. Соңында, Дөңіспан, Сүріншекті сияқты атауларға қатысты халық аузындағы аңыздарды және адам аттарына негізделген деректерді (Төлеңәулие, Досанөй) зерттеуге енгіздік. Бұл этнолингвистикалық тәсіл топонимдердің тек географиялық атау емес, сонымен бірге жергілікті мәдениет пен тарихтың куәсі екенін ашып көрсетуге мүмкіндік берді.

Шетпе өңірінің жер-су атауларының қорын жіті зерттеп қарағанда, жергілікті атаулардың қалыптасуына үш негізгі фактор - халықтың аңыз-әңгімелері мен діни сенімдері, табиғаттың ерекшеліктері және тілдік байланыстар - басты рөл атқарғанын айқын көреміз. Бұл талдау топонимдерді жай ғана картадағы нұсқау деп емес, үлкен тарихи және мәдени ақпаратты сақтаған «тасқа қашалған энциклопедия» деп қарауға мүмкіндік береді. Біріншіден, Маңғыстаудың киелі жерлерімен байланысты аңыздар, сондай-ақ тарихи тұлғалардың есімдері топонимдерге терең мағына берген. Мысалы, Дөңіспан (Данышпан) биік шоқысы туралы аңыздар оны Маңғыстауға ислам дінін әкелген сопының есімімен байланыстырады. Ә. Кекілбаев бұл туралы жазған: аңызда Дөңіспанның Түркістандағы Құқай тауының шоқысына мініп, осы Маңғыстауға қалай жеткені, яғни киелі тұлғаның географиялық нысанға айналуы суреттеледі [3, 16]. Бұл жерде топоним тарихи дерек пен діни сенімнің функциясын қатар атқарып тұр. Осындай діни-тарихи негіздегі атаулар Шетпе айналасында өте көп. Мәселен, Төлеңәулие жерасты мешіті адай руынан шыққан Төлеген әулиенің есімімен байланысты. Халық арасында бұл жер жорыққа аттанар алдында міндетті түрде түнеп, тәуіп шығып, бата алатын

қасиетті орын болған деп айтылады [8,45]. Сондай-ақ, Ағымәулие (қыз әулие) сияқты нысандар бар. Бұл атаулардың бәрі жергілікті халықтың әулиелерге деген ерекше құрметін және исламға дейінгі, исламдық дәстүрлердің қалай араласқанын көрсетеді. Діни-тарихи нысандармен қатар, тұрмыстық және оқиғалық сипаттағы атаулар да бар. Ақотты Нар шыңырауының атауы да құдықты қазу барысында құдықшыны құтқару үшін нардың өліп қалуы сияқты бір оқиғамен тығыз байланысты туындаған. Ал Сүріншекті төбесінің атауы керуен көлігінің Жармыш бұлағына асыққанда үнемі сүрініп қалуына байланысты қойылған [10,540]. Бұл атаулар қарапайым адамдардың басынан өткен оқиғалардың, еңбек пен қатердің жерді мәңгі естелікке айналдыруының жарқын мысалдары. Тіпті XX ғасырда тары егіп мол өнім алған кедей Досанның есімімен қойылған Досаной сияқты атаулар да антропотопонимдер қатарын толықтырып, жер атауларының әрдайым жаңарып, толығып отыратынын көрсетеді. Екіншіден, топонимдерді лингвистикалық тұрғыдан қарастырғанда, олардың күрделі тілдік қабаттардан тұратыны анықталды. Бұл Маңғыстаудың тарихта түрлі мәдениеттер тоғысқан аймақ болғанын көрсетеді. Мысалы, Шайыр атауын алайық. Бұл атау оғыз-селжүк диалектісіндегі «чай/шай» (сулы сай) және «йір» (жер) сөздерінің бірігуінен «сулы жер» деген мағынаны береді [7, 25]. Бұл пікірді В. И. Савина («чай» - түрікше «өзен») және Ә. Әбдірахманов («чай» - түркімен, әзербайжан тілдерінде «өзен») сияқты зерттеушілер де қолдайды. Тілдік әсерлердің ішінде парсы тілінің ықпалы да зор. Шерқала тауының атауында екі тілдің элементі біріккен: «Шер» - иран тіліндегі «арыстан» [4, 184], ал «қала» - ноғай тіліндегі «шың, құз» дегенді білдіреді. Демек, мағынасы - «арыстан тау» немесе «алынбайтын құзды тау». Дәл осы сияқты, аудан орталығы Шетпе атауының өзі парсының «чешме» - «қайнар көз, бұлақ» деген сөзінен пайда болғаны анықталған [4, 100]. Бұл Шетпе ауылының негізінде су көзінің маңыздылығы жатқанын көрсетеді. Тағы бір мысал - Ақсенгір. Мұндағы «сенгір» сөзі де иран тілінен еніп, тәжіктің «санг» (тас) сөзінен шыққан, яғни мағынасы «ақ тасты биік тау» дегенді білдіреді [2, 18]. Бұл топонимдер Маңғыстаудың шығыс елдермен мәдени және сауда қарым-қатынасының тереңдігін көрсетеді. Араб тілінің ықпалы да бар. Қарауылқұмбет атауындағы «құмбет» сөзі арабтың «құмбез» сөзінен енген. Сонда атаудың мағынасы - «қарауыл тұратын құмбезді тау» болып шығады [10, 373]. Бұл мысалдар Маңғыстаудың тілдік тұрғыдан қаншалықты бай әрі күрделі екенін, оның түрлі мәдениеттердің әсерін қабылдағанын көрсетеді. Үшіншіден, жер-су атауларында табиғаттың сипаттамалық рөлі айқын көрініс табады, әсіресе Ақ және Сары түс атауларының жиі қолданылуы осыған дәлел. Бұл түстер географиялық нысанның сапасын немесе құндылығын бағалайтын көрсеткіш ретінде қызмет етеді. «Ақ» компоненті басым атаулар (Ақмыш, Аққұт, Ақеспе, Ақбай) негізінен тазалық, мөлдірлік және құндылық сияқты оң мағыналарды білдіреді. Мәселен, Ақмыш және Жармыш атауларындағы «-мыш» жұрнағы М. Томановтың зерттеуіне сәйкес, көне түркі тіліндегі өткен шақ есімшесінің аффиксі ретінде (қалмыш - қалған) қызмет еткен [5, 272-273]. Осыған сүйенсек, Ақмыш - «аққан бұлақ» деген мағына береді. Ал Аққұт атауындағы «құт» сөзі А.Т. Қайдардың пікірінше, «құдық» сөзінің көне формасы ретінде «ақ құдық» мағынасын білдіреді [9,231]. Бұл жерде «Ақ» таза, мөлдір суды меңзейді (Ақеспе - суы таза құдық, Ақбай - ақ шағыл тасты арнаның табанындағы құдық). Керісінше, «Сары» компоненті (Сарықұдық, Сарыоба) жердің топырақ түсін немесе судың нашар сапасын (тұзды, ащы) сипаттайды. Мысалы, Сарықұдық - сазды, сор жерден қазылған ащы құдықты білдірсе, Сарыоба - сары тас үйілген төбені көрсетеді. Осылайша, түс атаулары географиялық нысанның ерекшелігін және оның шаруашылықтағы маңыздылығын бағалайтын қарапайым, бірақ өте дәл көрсеткіш болып табылады. Бұл талдаулардың барлығы Шетпе өңірінің топонимикасы - бұл ұзақ тарихи кезеңде қалыптасқан, әртүрлі мәдени және тілдік әсерлерді бойына сіңірген, көптеген мағынасы бар, күрделі құрылым екенін көрсетеді.

Біздің жүргізген зерттеуіміздің қорытындысы бойынша, Шетпе өңірінің жер-су атаулары (ономастикасы) Маңғыстаудың тілдік және мәдени бейнесін анықтайтын ең маңызды бөлігі екені анықталды. Топонимдерді жан-жақты талдау олардың тарихи-мәдени, діни-философиялық және табиғи-сипаттамалық болып келетін үш үлкен топқа бөлінетінін көрсетті. Бұл бөліну Шетпе аймағының тарихи процестерге қалай қатысқанын көрсетеді. Біріншіден, антропонимдік және діни негіздегі атауларға тоқталсақ, олар жергілікті халықтың тарихи санасын, кімді пір тұтқанын және діни ұстанымдарын айқын бейнелейді. Мұндай атаулардың құрамында адам аттары, әулиелердің есімдері мен аңыздар жатыр. Мәселен, Дөңіспан (Данышпан) шоқысын алайық. Ә. Кекілбаев жазғандай, бұл жер мұсылмандықты әкелген сопының есімімен және оның жасаған кереметтері туралы аңызбен байланысты [3, 16]. Бұл факт бұл нысандардың халық үшін жай тау емес, киелі орын ретіндегі маңызын айтарлықтай арттырады. Бұл жерде атау беру тек географиялық бағдар үшін ғана емес, тұлғаны мәңгі есте қалдыру және оның қасиетін жерге сіңіру үшін де қолданылған. Сондай-ақ, Төлеңәулие жерасты мешіті мен Ағымәулие сияқты нысандардың болуы Шетпе өңірінің ерте заманнан бері діни және ғұрыптық орталық болғанын дәлелдейді [8, 45]. Төлеңәулие - бұл адай руының әулиесінің есімімен

байланысты, бұл жерге жорыққа аттанар алдында адамдар тәуіп етіп, бата алып отырған. Бұл жер атауларында халықтың сакралды географиясы бейнеленген. Қарапайым антропонимдер де аз емес: Досанөй, Сарынияз, Досмолда сияқты атаулардың барлығы белгілі бір іс жасаған немесе ерекше қасиеті бар тұлғалардың есімінің жер-су атаулары арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жеткенін көрсетеді. Бұл, бір жағынан, халықтың азаматтық тарихын да көрсетеді. Мысалы, Досанөй атауы XX ғасырда тары егіп, мол өнім алған кедей Досанның еңбегін есте қалдыру мақсатында қойылған. Екіншіден, гидронимдік және оронимдік атаулардағы көне тілдік элементтерді талдау Маңғыстаудың тілдік және этникалық қарым-қатынастардың тоғысқан орталығында орналасқанын айғақтайды. Бұл аймақта тек қазақ тілінің ғана емес, парсы, араб және басқа да түркі тілдерінің іздері сақталған. Шетпе атауының өзі парсы тіліндегі «чешме» - «қайнар көз, бұлақ» деген сөзден туындауы [4, 100], бұл жердің ертедегі сауда және мәдени байланыстарын көрсетеді. Ал Шайыр атауының оғыз-селжүк диалектісіндегі «сулы жер» мағынасын беруі [7, 25], өңірдің көшпелі және отырықшы мәдениеттердің бір-бірімен араласқан жері болғанын білдіреді. Одан бөлек, түркі тілдерінің көне формалары да айқын көрініс тапқан. Мысалы, Ақмыш және Жармыш атауларындағы «-мыш» жұрнағын алайық. М. Томановтың зерттеулеріне сүйенсек, бұл жұрнақ Орхон-Енисей жазбаларындағы ескі түркі тілінде өткен шақ есімшесінің аффиксі ретінде қызмет еткен [5, 272-273]. Бұл деректер Шетпе өңірінің топонимдері кем дегенде орта ғасырлық, тіпті одан да ерте кезеңдегі түркі тілдік қабатқа жататынын көрсетеді. Яғни, бұл жер атаулары біздің ортақ түркілік тарихымыздың бір бөлігі болып табылады. Парсы-иран тілдік ықпалдың тағы бір айғағы - Шерқала («арыстан тау») мен Ақсеңгір («ақ тасты биік тау») атаулары. Шерқала атауындағы «Шер» (арыстан) және Ақсеңгір атауындағы «сеңгір» сөзінің тәжіктің «санг» (тас) сөзінен шығуы [2, 18], топонимдердің көпқұрамдылығын айқындайды. Тіпті араб тілінен енген «күмбет» (күмбез) сөзі де Қарауылкүмбет сияқты атаулардың құрамында кездеседі [10, 373]. Бұл Маңғыстаудың тілдік тұрғыдан «еріту қазандығы» болғанын білдіреді. Үшіншіден, сипаттамалық топонимдер тобы жергілікті адамдардың табиғат нысандарына берген бағасын және олардың шаруашылықтағы маңыздылығын көрсетеді. Бұл жерде түс атаулары, әсіресе «Ақ» пен «Сары» сөздері басты рөл атқарады. «Ақ» компоненті басым атаулар (Аққұт, Ақеспе, Ақжал, Ақбай) негізінен таза су, құнарлы жер сияқты оң мағыналарды білдіреді. Бұл құрғақшылықты аймақта судың қаншалықты құнды екенін көрсетеді. А.Т. Қайдардың пікірімен «Аққұт» атауындағы «құт» сөзінің «құдық» сөзінің көне формасы екенін негізге алсақ [9, 231], бұл атаудың мағынасы «таза ауыз су» деген аса құнды ұғымды білдіреді. Ақеспе («суы таза құдық») және Ақбай («ақ шағыл тасты арнадағы құдық») сияқты атаулар да осы «тазалық» пен «құндылық» мәнін нығайтады. Керісінше, «Сары» компоненті (Сарықұдық, Сарықора, Сарыоба) көбінесе топырақтың түсін немесе судың сапасын (сазды, тұзды, ащы) сипаттап, табиғи жағдайдың ерекшелігін көрсетеді. Мысалы, Сарықұдық - сазды жерден қазылған, суы ащылау құдықты білдірсе, Сарыоба - сары тасты немесе сазды төбені көрсетеді. Бұл түс атаулары халықтың географиялық жағдайды қалай кодтағанын көрсететін тілдік «бағалау жүйесі» болып табылады.

Біздің жүргізген ономастикалық зерттеуіміздің нәтижелері Шетпе өңірінің жер-су атаулары (топонимдері) жай ғана географиялық бағдар емес екенін, сонымен бірге Маңғыстау халқының тарихи, лингвистикалық және рухани мұрасын сақтаушы ең құнды дереккөз екенін толық дәлелдеді. Мақалада біз талдаған 20-дан астам топонимнің әрқайсысының шығу тегі (этимологиясы) олардың өте күрделі, әрі әртүрлі қабаттардан тұратынын көрсетті. Ең алдымен, топонимдердің қалыптасуына аңыз-әңгімелер мен діни сенімдер тікелей әсер еткені айқын байқалады. Мәселен, Дөңіспан шоқысының атауы, Ә. Кекілбаев айтқандай, мұсылмандықты әкелген сопының есімімен және оның жасаған кереметтері туралы аңызбен байланысты болуы [3, 16], бұл нысандардың халық үшін киелі орын ретіндегі маңызын айтарлықтай арттырады. Сонымен қатар, тұрмыстық оқиғалар да жер атауына айналған: керуеннің сүрінуінен шыққан Сүріншекті атауы сияқты. Досанөй, Төлеңәулие, Ағымәулие сияқты антропонимдік және діни атаулар қазақ ономастикасындағы халықтың табиғатқа, әулиелерге және киелі орындарға деген ерекше қатынасын айқын көрсетеді. Бұл факторлар топонимдердің тек тілдік емес, мәдени код ретіндегі қызметін нығайтады. Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, Шетпе топонимдерінде түркілік, оғыздық, парсылық және арабтық тілдік элементтердің тоғысуы байқалады. Бұл - аймақтың тарихи тұрғыдан аса маңызды болғанының басты дәлелі. Мәселен, Шетпе атауының парсының «чешме» - «бұлақ» сөзінен шығуы [4, 100], ал Ақсеңгір атауындағы «сеңгір» сөзінің иран тілінен енген «тас» мағынасын беруі [2, 18], Маңғыстаудың ежелгі сауда және мәдени жолдардың тоғысында, яғни «Ұлы Жібек жолының» бағытында орналасқанын көрсетеді. Сондай-ақ Ақмыш (аққан бұлақ) және Жармыш атауларындағы «-мыш» жұрнағының көне түркі тіліндегі рөлі [5, 272-273], бұл топонимдердің тамыры тереңде жатқанын, орта ғасырлық тілдік қабаттарды сақтағанын

білдіреді. Сонымен қатар, «Ақ» және «Сары» түс компоненттері бар гидронимдер мен оронимдер (мысалы, Ақмыш, Сарықұдық) жергілікті тұрғындардың табиғи ресурстарды бағалаудағы практикалық мәнін жеткізеді. Бұл түстер судың тазалығын, құдықтың құндылығын немесе топырақтың сапасын сипаттайтын бағалау белгісі ретінде қызмет етеді.

Қорыта айтқанда, Шетпе өңірінің топонимдерін терең зерттеу біздің Қазақстанның ономастикалық картасын толықтыруға үлес қосып қана қоймай, сонымен бірге көне түркі мәдениетінің, тарихи-тілдік процестердің және жергілікті этнографияның өзара тығыз байланысын түсінуге зор мүмкіндік береді. Бұл жүйелі түрде жинақталған және талданған топонимикалық мәліметтер болашақта тарих, тіл білімі және өлкетану бағыттарындағы жаңа зерттеулерге берік негіз ретінде қолданыла алады. Осылайша, біз Шетпе жерінің тарихын тек жазба деректерден емес, сонымен қатар тілде сақталған «тас кітаптан» оқи алатынымызды дәлелдедік.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Маңғыстау өңірі жер-су атауларының түсіндірме сөздігі. - Алматы: «Нұрлы әлем», 2010. - 238 б.
2. Әбдірахманов А. Кейбір топонимдердің этимологиясы жайында//Қазақ ономастикасының мәселелері. - Алматы, 1986, -136 б.
3. Ә.Кекілбаев. Түркістан тағылымы // Егеменді Қазақстан, 2000, 8, 11
4. Оңдасынов Н. Парсыша- қазақша түсіндірме сөздік. - Алматы, 1974, -384 б.
5. Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. - Алматы, 2002, - 616 б.
6. Гарипова. Ф.Г.Исследования по гидронимии Татарстана - Москва, 1991, -294с.
7. Қондыбаев С. Маңғыстау географиясы. - Алматы, 1998, - 135 б.
8. Қондыбаев С. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. - Алматы, 2000. - 126 б.
9. Кайдар А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском Алматы, 2005, - 304с.
10. Маңғыстау энциклопедиясы. Бас редактор Б.Ф. Аяған. - Алматы: "Қазақ энциклопедиясы", 2008. - 632 б.

#### **ОРАЛ ӨҢІРІНІҢ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРЫ: ШЫҒУ ТЕГІ, ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Абылай А.**

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық университеті

abylaiaiaru2007@mail.ru

Астана қ.

Бұл мақалада Орал қаласы мен оған жақын орналасқан өңірдің топонимдері, сондай-ақ негізгі географиялық атаулардың шығу тегі мен семантикалық құрылымы қарастырылады. Орал - Батыс Қазақстанның ежелгі мәдени орталықтарының бірі, сондықтан оның ономастикалық жүйесі өңір тарихының көпқабатты дамуын бейнелейді. Өңірдегі өзендер, қоныстар мен жер атаулары түркі, ноғай, қазақ, орыс және башқұрт мәдени қабаттарының элементтерін сақтап қалған. Бұл ерекшелік аталған аймақты ономастикалық зерттеулер үшін құнды нысанға айналдырады. Мақалада Орал, Жайық, Шаған, Деркөл, Көшім, Қараөзек және Ескі Орал сияқты топонимдерге жан-жақты талдау жасалып, олардың этимологиясы, тарихи деривациясы және табиғи-географиялық жағдайлармен байланысы түсіндіріледі. Сонымен қатар атаулардың этнолингвистикалық қырлары мен жергілікті халықтың мәдени жадындағы орнына баса назар аударылады. Зерттеудің дереккөздері ретінде Е. Қойшыбаев, Т. Жанұзақов, А. Шайхымұлы сынды белгілі қазақстандық ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Бұл авторлар өңір топонимиясын ғылыми тұрғыдан түсіндіруге елеулі үлес қосқан. Мақаланың негізгі мақсаты - аталған атаулардың тарихи негіздерін анықтау және Орал өңіріндегі жер-су атаулары жүйесінің этномәдени, географиялық және тарихи ақпараттың маңызды көзі екенін көрсету.

**Кілт сөздер:** Ономастика, топонимдер, Орал, Жайық, шығу тегі, тарих, өңір, мәдениет, география, этнография.

#### **Аннотация**

В данной статье рассматриваются топонимы города Орал и прилегающего региона, а также происхождение и семантическая структура основных географических названий. Орал является одним из древнейших центров Западного Казахстана, и его ономастическая система отражает многослойную